

Бекітемін
«Әлия» жекеменшік балабақшасының

Басшысы

Карабалаева А.С.

2022-2023 оқу жылы



2022-2023 оқу жылына арналған «Балдырған» ересек тобының вариативтік компоненті

Тәрбиеші: Аманкилич Г, Сагитжанова Ф

Мұнайлы ауданы, 2022-2023 ж

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары, құстары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлар әлемі туралы түсінік, құстар, өсімдіктер хайуанаттар, бауырмен жорғалаушылар, сүтқоректілер, кемірушілер, жыртқыш аңдар туралы жалпы түсінік беру»**Мақсаты:** Туған өлке туралы мағлұмат беру. Балаларға өз өлкесінде кездесетін жануарлар дүниесімен таныстыру.

Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	-Балалар оқу іс-әрекетін бастамас бұрын бір-бірімізге жылы тілектерімізді білдірейік. Шаттық шеңбері: Біз ерекше баламыз, Айтқан тілді аламыз. Достарымды көргенде, Қуана қарсы аламыз.	Тәрбиешімен бірге бір-біріне жылы тілектерін айтады. -Аспанымыз ашық болсын! -Күніміз сәтті өтсін! -Еліміз тыныш болсын! Шаттық шеңберін қимыл-қозғалыспен көрсетіп орындайды.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Маңғыстау өлкесі туралы мәлімет беру. Орталығы-Ақтау қаласы. Маңғыстау өлкесі туралы слайд тамашалау. Ауылдарды атау. Төрт түлік мал туралы әңгімелеу. Суреттерін көрсету. Дидактикалық ойын: «Төлін тап» Сергіту сәті: Секірейік, секірейік, Ұзын құлақ қоянша. Шаршағанды кетірейік Болар сонда тамаша! Маңғыстау табиғатымен таныстыру. Шөл және шөлейт жерлерді көрсету, және сол жерле мекендейтін жануарлар мен жәндіктер туралы мағлұмат беру. Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?»	Балалар назары тәрбешіде. Слайд тамашалайды. Тақтадағы суреттерге қарап, мұқият тыңдайды. Дидактикалық ойын ойнайды. Сергіту сәтін қимыл-қозғалыстармен орындайды.
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. -Маңғыстау өлкесі туралы не білдік? -Қандай жануарлар кездеседі? Белсенді балаларды атап, мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Өз өлкесі туралы білуі керек.**Болуы керек:** Туған өлкенің жануарлары, құстары, өсімдіктері мен жәндіктерінен мәліметі болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Қарсақ»**Мақсаты:** Балаларға маңғыстау өлкесінде кездесетін қарсақ туралы түсінік беру. Ерекшеліктерін айту. Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.**Сабақтың әдісі:** Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңберін құру. Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық. Күннің нұрын алайық. Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу салайық, Мейірімділік шоғын алайық, Жиналған жылы шуақты, Қонақтарға шашайық.	Балалар жарты шеңбер болып отырады.. Балалар бір-бірімен, тәрбиешімен амандасады.
Іздену - ұйымдастырушы	Балаларға Маңғыстау өлкесінде кездесетін жануарлар туралы түсінік беріп, қайталау. Қарсақтың суреттерін көрсету. Слайд. Қарсақ туралы әңгімелеу. Қалай дыбыстайтынын тыңдату. Аудиожазба. Сергіту сәті. Орнымыздар тұрамыз, Мойнымызды бұрамыз. Қолымызды көтеріп, Саусақты ашып, жұмамыз. Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?»	Балалар назары тәрбиешіде. Суреттер мен слайдты тамашалайды. Сергіту сәтін қимыспен орындайды. Дидактикалық ойын ойнайды. Аудиожазбадан дыбыстарды тыңдай отырып, ненің дыуысы екенін табады.
Рефлексті - Коррекциялаушы	Қорытындылау: Сұрақтар қою. Белсенді қатысқан балаларды мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді. Мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Маңғыстауда кездесетін қарсақ туралы білу керек.**Болуы керек.** Жабайы жануарлар туралы түсінігі болуы керек.**Үйренуі керек** Тыңдап және сұрақтарға толық жауап беру керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Борсық»**Мақсаты:** Балаларға маңғыстау өлкесінде кездесетін борсық туралы түсінік беру. Ерекшеліктерін айту. Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.**Сабақтың әдісі:** Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Қара достым, жан-жаққа, Дайынсың ба, сабаққа? Орнында ма, қараңдар, Біздің барлық балалар.	Бір-бірімен, тәрбиешімен амандасады. Шаттық шеңберіне тұрады
Іздену - ұйымдастырушы	-Балалар, біз Маңғыстау өлкесінде кездесетін жануарлар туралы айтыр келеміз. Өткен сабақта біз қарсақ туралы таныстық. Қарсаққа байланысты сұрақтар қою. -Ал бүгін, балаар, борсықпен танысамыз. Борсық — сусар тұқымдастарына жататын жыртқыш айуан. Көбінесе шөпті және оның тамыры мен тұқымын, майда жәндіктерді жеп қоректенеді. Көктемде құстарды, олардың балапандарын жейді, кейде қозының да құйрығын сорады. Борсық ін қазады, ұрғашысы қыстың аяғында 2—6 күшік табады. Терісінен ішік, қылшығынан щетка жасауға болады; халық арасында оның майын көксау ауруға қарсы береді, оны басқа да қажетгерге жұмсайды. Етін жеуге болмайды, харам. Борсық — сусарлар тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Суреттерін көрсету. Сергіту сәті: Шаршасаңдар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын. Дидактикалық ойын: Жабайы жануарлар мен үй жануарларын ажырату.	Балалар назары тәрбиешіде. Тәбиешіні мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өткен тақырыпты еске түсіріп, қарсақ туралы қайталайды. Борсық туралы тыңдайды. Суретін тамашалайды. Дидактикалық ойын ойнайды.
Рефлексті - Коррекциялаушы	Тәрбиеші оқу іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларға оқу іс-әрекеті бойынша сұрақтар қояды. Балаларды мадақтайды.	Балалар сұрақтарға жауап беріп мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Жабайы жануарлар мен үй жануарларын ажырата білу керек**Болуы керек.** Борсық туралы түсінігі болу керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйрену керек..

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Дала тасбақасы»**Мақсаты:** Балаларға тасбақа туралы таныстыру. Ерекшеліктерін түсіндіру. Маңғыстауда кездесетін тасбақа түрлерін айту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.**Сабақтың әдісі:** Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>-Балалар оқу іс-әрекетін бастамас бұрын бір-бірімізге жылы тілектерімізді білдірейік.</p> <p>Шаттық шеңбері: Біз ерекше баламыз, Айтқан тілді аламыз. Достарымды көргенде, Қуана қарсы аламыз.</p>	<p>Балалар тәрбиешімен бірге бір-біріне жылы тілектерін айтады. -Аспанымыз ашық болсын! -Күніміз сәтті өтсін! -Еліміз тыныш болсын!</p> <p>Балалар шаттық шеңберін қимыл-қозғалыспен көрсетіп орындайды.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Балаларға жұмбақ жасыру: Аяғы бар, басы бар Арқалаған тасы бар. (тасбақа) — Дұрыс: «Тасбақа»</p> <p>Балалардың алдына тасбақаны әкелінеді. 1 – 2 минут тасбақаны бақылаймыз: — Бұл не? — Тасбақаның қандай дене мүшелері бар? Тәрбиеші тасбақаны қолына алып әр балаға көрсетеді. Балалардың назарын тасбақаның сүйекті сауыты болатының ескертіп, басы, аяғы, құйрығы бар екеніне назар аударады. Тәрбиеші сұрақ қоя отырып, балалармен әңгімені жалғастырады. Балаларға тәрбиеші тасбақа туралы мәлімет береді. — Тасбақа қауіпті жағдайда басы мен аяқтарын жинап сүйекті сауытына тығылады. Тасбақа шөптің арасында далада өмір сүреді. Шөппен қоректенеді. Қыста ол тамақ жемейді. Ол ұйықтайды. Тасбақа екі түрлі болады. Жерде және суда өмір сүретін болады. Тасбақаны топта ұстауға болады. Сергіту сәті: Алақанды ұрайық, Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық. (2 рет) Балалар сендер білесіндерме тасбақа қырыққабат, сәбіз, алманы жақсы көреді. Слайдтан тасбақа түрлерімен таныстыру. Құрлықта және суда мекендейтін тасбақалар. Дидактикалық ойын: «Тасбақаны құрастыру».</p>	<p>Балалар назары тәрбиешіде. Жұмбақ шешеді: тасбақа</p> <p>- Тасбақа. -Басы, ауызы, көзі, денесі, аяқтары.</p> <p>Балалар тасбақаны қолымен сипап ұстап, сипаттап береді.</p> <p>-Қатты, жуан сүйекті сауатының арасында басы, аяғы көрінеді.</p> <p>Тәрбиешіні тыңдайды. Сергіту сәтін орындайды.</p> <p>Слайдтан тасбақа түрлерімен танысады.</p> <p>Дидактикалық ойын ойналады.</p>
Рефлексивті-түзету	<p>— Балалар бүгін біз не істедік? — Тасбақаны бақыладық. — Тасбақа қандай? Дене мүшелерін атап кетейікші. Тасбақада не бар? — Басы, көзі, ауызы, аяқтары, құйрығы. Белсенді балаларды атап, мадақтау.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.</p>

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Тасбақа туралы білуі керек.**Болуы керек:** Туған өлкенің жануарлары жайлы мәліметі болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Дала тасбақасы. Қайталау»**Мақсаты:** Туған өлке туралы мағлұмат беру. Балаларға таныстырған өз өлкесінде кездесетін жануарлар туралы түсінігін бекіту. Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	-Балалар оқу іс-әрекетін бастамас бұрын бір-бірімізге жылы тілектерімізді білдірейік. Шаттық шеңбері: Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Ортамызды қоршаған, Тек мейірім сыйлаймыз	Балалар тәрбиешімен бірге бір-біріне жылы тілектерін айтады. -Аспанымыз ашық болсын! -Күніміз сәтті өтсін! -Еліміз тыныш болсын! Балалар шаттық шеңберін қимыл-қозғалыспен көрсетіп орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Маңғыстау өлкесі туралы мәлімет беріп еске түсіру.. Суреттерін көрсету. Слайд тамашалау. Қарсақ пен борсық суреттерін көрсетіп, сұрақтар ккю. Сергіту сәті: Секірейік, секірейік, Ұзын құлақ қоянша. Шаршағанды кетірейік Болар сонда тамаша! Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?»	Балалар назары тәрбешіде. Слайд тамашалайды. Тақтадағы суреттерге қарап, мұқият тындайды. Дидактикалық ойын ойнайды. Сергіту сәтін қимыл-қозғалыстармен орындайды.
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. -Маңғыстау өлкесі туралы не білдік? -Қандай жануарлар кездеседі? -Қарсақ қандай аң? -Борсық қандай аң? Белсенді балаларды атап, мадақтау.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Өткен тақырыптарды білуі керек.**Болуы керек:** Туған өлкенің жануарлары жайлы мәліметі болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Кірпі»**Мақсаты:** кірпінің тіршілігімен таныстыру, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Ортамызды қоршаған, Тек мейірім сыйлаймыз	Бадалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Суретпен жұмыс -Жабайы аңдарды атаңдар. -Оларды неге жабайы аңдар деп атайды? -Жабайы аңдар қалай тіршілік етеді? -Олардың үй жануарларынан қандай айырмашылығы бар? Жұмбақ Үсті толы ине Бірақта, іс тігіп, қадамайды түйме Ол не деп ойлайсыңдар? Кірпі- талғаусыз қоректенетін жануар. Ол әр түрлі жәндіктерді аулап, жеміс- жидектерді жасқсы көреді. Жақсы естиді және иісші болады. Ол қорыққан кезде домалана қалады. -Тұмсығында түймесі Деп тұрғандай тимеші Азулыдан сақтайтын, Кірпінің көп инесі. -Өзін қорғай алады, Домалана қалады. Содан кейін тиіп көр, Тура «уколын» салды -Кірпі, кірпі Жоның түрпі Кірпі, кірпі Әне түлкі Дидактикалық ойын «Жабайы аңдарды тап» -Бұл қандай жануарлар? -Пілдің, кірпі,арыстан, қоян, түлкі,жолбарыс.	Балалар назары тәрбешіде. Сұрақтарға жауап береді. -кірпі Жұмбақ шешуін табады Кірпі туралы тыңдайды. Кірпі туралы тақпақтармен танысады. Тәрбиешімен бірге айтады. Дидактикалық ойын ойнайды. Слайд тамашалайды.
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Кірпі тіршілігін білуі керек.**Болуы керек:** Қызығушылығы болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Кесіртке»**Мақсаты:** кесірткемен таныстыру, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық. Күннің нұрын алайық. Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу салайық, Мейірімділік шоғын алайық, Жиналған жылы шуақты, Қонақтарға шашайық.</p>	<p>Бадалар шаттық шеңберіне тұрады.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Кесіртке – қабыршақтылардың бір отряд тармағы. Қазба қалдықтары триас кезеңінен сақталған, жыландардың арғы тегі болып саналады. Кесіртке Жер шарының суық аймақтарынан басқа жерінің бәріне дерлік таралған. Бұлардың қазіргі кезде 20 тұқымдасқа, 350 туысқа бірігетін 4000-нан астам түрі бар. Қазақстанда 6 тұқымдасы (жармасқы, ешкімер, кесел, Ұршықсап, жабысқақ, кәдімгі кесіртке), 13 туысы, 30 түрі кең таралған. Кәдімгі кесіртке тұқымдасының республикамызда 2 туысы бар:</p> <p>1. кесіртке, оған тән белгі – құрсағындағы қабыршақтар ұзынынан қатарласа орналасқан. Танау тесігінің қалқаны жоғары көтерілмеген. Маңдай қалқанында ұзын, терең ойысы болмайды;</p> <p>2. кесіртке, олардың құрсақ қабыршағы қиғаш қатпарласып орналасқан. Танау тесігі жоғары көтеріңкі келеді, маңдай қалқанында ұзынша ойысы болады.</p> <p>Бұлардың Қазақстанда 11 түрі кездеседі. Мысалы, секіргіш кесіртке республиканың солтүстік бөлігінде, Сауыр, Жетісу (Жоңғар) Алатауы, Тарбағатай, Күнгеі Алатауында; тірі туатын кесіртке Батыс Қазақстан, Ақмола облысында; жүгіргіш кесіртке мен орташа кесіртке республиканың оңтүстік аймақтарында; жолақты кесіртке Каспий маңындағы құмнан бастап, Алақөлге дейін; торлы кесіртке Арал теңізінен Алақөлге дейін таралған.</p> <p>Кесірткелердің көптеген түрі жерде жүреді, ағашқа, бұтаға өрмелей алады, құмға батып кететін түрлері де бар (бат-бат кесіртке). Кесірткелер – ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктерді жеп, негізінен, пайда келтіретін жануарлар, бірақ Кесірткелердің арасында денелерінде жәндіктердің, кененің қансорғыш түрлері тіршілік етіп, адамға, жануарларға, малға қауіпті ауру қоздырғыштарын тарататын түрлері де бар. Кесірткелердің терісінен түрлі бұйымдар жасалады. Кейбір түрлері улы келеді.</p> <p>Кесірткелердің арасында жемін күндіз де, түнде де аулайтын түрлері бар. Түрлі жәндіктер мен олардың дернәсілдерімен, өрмекшілер, моллюскілер, құрттармен, ұсақ кемірушілермен, құстар және олардың жұмыртқасымен, бақа, жыландармен, аздаған түрі өсімдіктің жұмсақ бөліктерімен, жемісімен және тұқымымен қоректенеді.</p>	<p>Балалар назары тәрбешіде.</p> <p>Кесіртке туралы тыңдайды.</p> <p>Суреттерін тамашалайды.</p> <p>Дид.ойын ойнайды.</p> <p>Слайд тамашалайды.</p> <p>Сергіту сәгін орындайды.</p>

	<p>Сергіту сәті Секірейік, секірейік Ұзын құлақ қоянша. Шаршағанды басайық Сонда болар тамаша. Дидактикалық ойын. «Жануарларды тап» Слайдтан кесіртке түрлерін тамашалайды.</p>	
Рефлексивті-түзету	<p>Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Кесіртке туралы білуі керек.

Болуы керек: Қызығушылығы болуы керек.

Қолынан келуі керек: Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** «Күзен»**Мақсаты:** Күзенмен таныстыру, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық. Күннің нұрын алайық. Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу салайық, Мейірімділік шоғын алайық, Жиналған жылы шуақты, Қонақтарға шашайық.	Балалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Күзен сусар тұқымдасына жататын жыртқыш сүтқоректі. Түсі шұбар, қара сары дақты. Басы, төсі, бауыры, жауырыны, аяқтары қара қоңыр. Тұмсығы қысқа, құлағы үлкен дөңгелектеу. Қазақстанның оңтүстігінде таралған. Дала, шөл, шөлейт аймақтарды мекендейді. Сарышұнақтары, құмтышқандары және басқа да кеміргіштері көп шөлейтті және шөлді участкелер. Бұталар өскен, құмдарды мекендеуді ұнатады. Өзендер бойында тоғайлардың шет жағында, бұталы далада мекендейді. Әр түрлі індет тарататын кемірушілермен, құстармен, олардың жұмыртқасымен қоректенеді. Кейінгі кезде тың жерлерді жыртып және кеміргіштермен күресу үшін улыхимикаттарды көп қолданғандықтан Шұбар күзен азайып кетті, сол себепті қорғауға алынып, Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген (1996). Шұбар күзен бір жерде тұрақты өмір сүреді. Көбіне жатақ ретінде құмтышқаны мен сарышұнақтар інін пайдаланады. Кеміргіштермен, әсіресе, құмтышқандары және сарышұнақтармен, қоректенеді. Көбіне түнде, кейде таңертеңгілік жемін іздейді. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз Суреттерін көрсету Дидактикалық ойын. «Жануарларды тап» Слайдтан кесіртке түрлерін тамашалайды.	Балалар назары тәрбешіде. Кесіртке туралы тыңдайды. Суреттерін тамашалайды. Дид.ойын ойнайды. Жануарлар суреттерін құрастырады. Слайд тамашалайды.
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Шұбар күзен туралы білуі керек.**Болуы керек:** Қызығушылығы болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Қасқыр»**Мақсаты:** Қасқырмен таныстыру, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық. Күннің нұрын алайық. Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу салайық, Мейірімділік шоғын алайық, Жиналған жылы шуақты, Қонақтарға шашайық.	Шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Қасқыр — жыртқыш аң. Басқа атаулары да белгілі: бөрі, бері. Қасқырдың өзге хайуандардан дара, олардың ешқайсысына ұқсамайтын қасиеттері көп. Оның бойындағы осындай ерекшеліктерге негізделіп айтылатын аңыздар да жетерлік. қасқыр аса азулы, жыртқыш ретінде суреттеледі. Әлі де солай. Бұғауға көнбейтін тұз тағысының аса жыртқыштығын дәріптеудің ең көрнекті үлгісі — « Көксерек » фильмі. Мұнда қасқырдың адам үстемдігіне еш көнбейтіндігінің ең нанымды дәлелі Көксеректің баланы жарып кетуінен айқын көрініс табады. Бұл — қасқырдың мейіріммен ұстауға да көнбейтіндігінің дәлелі. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Жаттығулар жасасак, Жақсы сергіп қаламыз Суреттерін тамашалау. Қасқыр туралы өткен ертегілерді еске түсіру. -Қандай ертегілерді білеміз? Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ретімен орналастыр»	Балалар назары тәрбешіде. Қасқыр туралы мәліметтер тыңдайды. Суреттерін тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді. -«Қасқыр мен жеті лак», «Бауырсақ» т.б Сергіту сәтін орындайды Дидактикалық ойын ойнайды.
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Қасқыр туралы білуі керек.**Болуы керек:** Қызығушылығы болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Түлкі»**Мақсаты:** Түлкімен таныстыру, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік, Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік!	Балалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Түлкі – жыртқыштар отрядының ит тұқымдасына жататын аң. Түсі жирен, сұрғылт сары. Құлағының сырты қара не қара қоңыр, құйрығы ұзын қысқа сирақты. Жүні тығыз әрі жұмсақ. Реңі жыл маусымына қарай өзгеріп отырады (түлейді): жоны мен бүйірі көбінесе сарғыш жирен, бауыры мен құйрығының ұшы ақшыл тартады. Селдір орманды ашық жерлерді, өзен-көл жағалауларын, аңыз, тау баурайларын мекендейді. Күндіз інінде жатып, түнге қарай қорегін іздейді. Әдетте ұсақ жәндіктермен, көбінесе тышқандармен қоректенеді, Терісі бағалы аң, әсіресе, қарабурыл Түлкінің терісі жоғары бағаланады. Кеміргіштерді жеп, ауылы шаруашылығына пайда келтіреді. Суреттерін тамашалау. Сергіту сәті Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Айдай толған кезімде, Би билеймін, дөңгелеп. Түлкі туралы өткен ертегілерді еске түсіру. -Қандай ертегілерді білеміз? Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ретімен орналастыр»	Балалар назары тәрбешіде. Қасқыр туралы мәліметтер тыңдайды. Суреттерін тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді. «Бауырсақ» т.б Сергіту сәтін орындайды Дидактикалық ойын ойнайды.
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Түлкі туралы білуі керек.**Болуы керек:** Қызығушылығы болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Қабылан»**Мақсаты:** Қабыланмен таныстыру, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік, Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік!	Балалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Қабылан — сүтқоректілер класы, мысық тұқымдасына жататын аң. Африка, Орта Азия және Үндістанда таралған. Қазақстанда 18-ғасырдың аяғы — 19-ғасырдың басында Каспий мен Арал теңіздерінің аралығындағы шөлді аймақта тіршілік еткен. 20-ғасырдың 50-жылдары сирек болса да, Үстірт пен Маңғыстау түбегінде кездесіп қалып жүрді. Қабыланның дене бітімі ұзынша, тұрқы 120 — 150 см, құйрығының ұзындығы 60 — 75 см. Қалың, қысқа, сарғылт түсті түгінің үстінде кара дақтар болады. Қабылан тропиктік және субтропиктік аймақтардағы ормандарда, тау беткейлерінде, жазық далалар мен саваннада, өзен бойындағы тоғайларда тіршілік етеді. Ағаш басына, жартастарға тез өрмелеп шығады. Қабылан тұяқты аңдарды (газель, арқар, т.б.) қуып жүріп аулайды. Оның жылдамдығы 100 км/сағ-қа дейін жетеді. Ол жер бетінде жасайтын сүтқоректілердің арасында ең тезі болып саналады. Жоғары жылдамдығында қабылан қадамдары жылқыныкіндей шамамен 7 метрге дейін жетеді. Суреттерін тамашалау. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз	Балалар назары тәрбешіде. Қасқыр туралы мәліметтер тыңдайды. Суреттерін тамашалайды. Сергіту сәтін орындайды Сұрақтарға жауап береді.
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Қабылан туралы білуі керек.**Болуы керек:** Қызығушылығы болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Қоян»**Мақсаты:** Қоянмен таныстыру, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік, Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік!	Шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Қояндар – сүтқоректілердің бір тұқымдасы, 8 туысқа бөлінетін 50 түрі бар. Бұлардың ішінде тез жүгіруге, ін қазуға, жүзуге, ағашқа өрмелеуге бейімделген түрлері кездеседі. Салмағы 0,1 – 4,5 кг, дене тұрқы 12 – 75 см, Жазда түсі сұрғылт қоңыр, қыста түгелдей аппақ болып түлейді. Құм қоян – қояндардың ішіндегі ең кішісі. Дене тұрқы 38 – 53 см, салмағы 1,5 – 2,5 кг. Арқасы мен бүйірі қоңыр, сұр, ал бауыры ақ түсті. Қазақстанда Арал Қарақұмы , Қызылқұм , Мойынқұмда және Қызылорда , Жамбыл , Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарындағы құмды жерлерде мекендейді. Қорегін іздеуге ымырт түскен кезде, түнде шығады. Ұйығуы қаңтар мен ақпанның аяғында басталады. Құм қояны – өте өсімтал, жылына 3 рет көбейеді, әр туғанда 1 – 9 көжектен табады. Ор қоян – қояндардың ішіндегі ең ірісі. Дене тұрқы 53 – 69 см, салмағы 3,5 – 5,8 кг. Артқы аяқтары алдыңғысына қарағанда екі есеге жуық ұзын. Түсі әр маусымда әр түрлі. Жазда және қысқа қарай құйрығында қара жолақ пайда болады Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Жаттығулар жасасак, Жақсы сергіп қаламыз Суреттерін тамашалау. Дидактикалық ойын: «Кім не жақсы көреді?»	Балалар назары тәрбешіде. Қоян туралы мәліметтер тыңдайды. Сергіту сәтін орындайды Суреттерін тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді. Дидактикалық ойын ойнайды
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Қоян туралы білуі керек.**Болуы керек:** Қызығушылығы болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Қайталау»**Мақсаты:** Өткен тақырыптарды қайталау, еске түсіру. .**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік, Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік!	Балалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жұмбақ Үсті толы ине Бірақта, іс тігіп, қадамайды түйме Ол не деп ойлайсындар? Кірпі- талғаусыз қоректенетін жануар. Ол әр түрлі жәндіктерді аулап, жеміс- жидектерді жасқсы көреді. Жақсы естиді және иісші болады. Ол қорыққан кезде домалана қалады. Кесіртке, оған тән белгі – құрсағындағы қабыршақтар ұзынынан қатарласа орналасқан. Танау тесігінің қалқаны жоғары көтерілмеген. Маңдай қалқанында ұзын, терең ойысы болмайды Шұбар күзен сусар тұқымдасына жататын жыртқыш сүтқоректі. Түсі шұбар, қара сары дақты. Басы, төсі, бауыры, жауырыны, аяқтары қара қоңыр. Тұмсығы қысқа, құлағы үлкен дөңгелектеу. Қасқыр — жыртқыш аң. Басқа атаулары деңгелегілі: бөрі, бері. Қасқырдың өзге хайуандардан дара, олардың ешқайсысына ұқсамайтын қасиеттері көп. Оның бойындағы осындай ерекшеліктерге негізделіп айтылатын аңыздар да жетерлік. қасқыр аса азулы, жыртқыш ретінде суреттеледі. Әлі де солай. Түлкі – жыртқыштар отрядының ит тұқымдасына жататын аң. Түсі жирен, сұрғылт сары. Құлағының сырты қара не қара қоңыр, құйрығы ұзын қысқа сирақты. Жүні тығыз әрі жұмсақ. Реңі жыл маусымына қарай өзгеріп отырады (түлейді): жоны мен бүйірі көбінесе сарғыш жирен, бауыры мен құйрығының ұшы ақшыл тартады. Қабылан — сүтқоректілер класы, мысық тұқымдасына жататын аң. Африка, Орта Азия және Үндістанда таралған. Қазақстанда 18-ғасырдың аяғы — 19-ғасырдың басында Каспий мен Арал теңіздерінің аралығындағы шөлді аймақта тіршілік еткен. 20-ғасырдың 50-жылдары сирек болса да, Үстірт пен Маңғыстау түбегінде кездесіп қалып жүрді. Қояндар – сүтқоректілердің бір тұқымдасы, 8 туысқа бөлінетін 50 түрі бар. Бұлардың ішінде тез жүгіруге, ін қазуға, жүзуге, ағашқа өрмелеуге бейімделген түрлері кездеседі. Суреттерін тамашалау. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ретімен орналастыр»	Балалар назары тәрбешіде. Суреттерін тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді. Дидактикалық ойын ойнайды
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Өткен тақырыптар туралы білуі керек.

Болуы керек: Қызығушылығы болуы керек.

Қолынан келуі керек: Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** Үстірт арқары, қарақұйрық, киік**Мақсаты:** Маңғыстауда мекендейтін Үстірт арқары мен киік, қарақұйрық туралы мәлімет беріп, таныстыру. Қоршаған ортаны аялауға, қорғауға шықыру.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>-Балалар оқу іс-әрекетін бастамас бұрын бір-бірімізге жылы тілектерімізді білдірейік.</p> <p>Шаттық шеңбері: Қара достым, жан-жаққа, Дайынсың ба сабаққа? Орнында ма қараңдар, Біздің барлық балалар</p>	<p>Балалар тәрбиешімен бірге бір-біріне жылы тілектерін айтады. -Аспанымыз ашық болсын! -Күніміз сәтті өтсін! -Еліміз тыныш болсын!</p> <p>Балалар шаттық шеңберін қимыл-қозғалыспен көрсетіп орындайды.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Үстірт арқары - қуысмүйізділер тұқымдасына жататын аша тұяқты аң. Денесі ірі. Құлжаларының мүйізі имектеліп келген және жалы болады. Саулығының да кішкене мүйізі бар. Үстірт арқары негізінен Солтүстік-Батыс Түрікменстанда кездеседі. Қазақстанда Маңғыстау облысынның жерінде, Үстірттің батыс бөлігіндегі және Қаптанқыр құлама жарларында, Шағала сор ойдымында таралған. Үстірт арқары үйір-үйірімен (бір үйірінде 70 дарабастай болады) тіршілік етеді. Негізгі қорегі — күйреуік, сораң, жусан және дәнді дақылды шөптер. Қорегін іздеуге көбінесе күндіз шығады. Бір ерекшелігі — Үстірт арқары суды ащы бұлақтардан ішеді, себебі өздерінің организміне қажетті түрлі минералды заттарды осы бұлақ суларынан алады. Арқарлардың негізгі жауы — қасқырлар. Кезінде өте көп ауланған, саны жылдан жылға азайып барады. Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген.</p> <p>Слайд арқылы арқарларды тамашалау.</p> <p>Сергіту сәті. Секірейік, секірейік Ұзын құлақ қоянша Шаршағанды басайық Болар сонда тамаша.</p> <p>Қарақұйрық– сүтқоректілер класының қуысмүйізділер тұқымдасына жататын аң. Қазақстанда Үстірт пен Маңғыстауда, Арал өңірінде, Қызылқұм, Мойынқұм, Бетпақдаланың оңтүстігінде, Оңтүстік Балқаш өңірінде (Тауқұм, Сарыесікатырау) кездеседі. Тұлғасы сымбатты. Құйрығы кішкентай, қара-қоңыр түсті. Тұяқтары кішкентай, қара түсті, сопақша әрі үшкір келеді. Тері жамылғысы құм тектес, сарғыш-сұр. Көз алды, шат, тұяқ аралық иіс бездері, көру және есту мүшелері жақсы жетілген, осылар арқылы бір-бірімен тез табысады. Тастақты, құмды, сазды топырақты шөлді аймақтарда мекендеуге бейімделген. Қоныстарын жыл маусымдарына қарай, қыста сексеуіл, жыңғыл өскен бұйрат-бұйрат құмдарға, жазда шөлді жерлерге қарай қоныс ауыстырып отырады. Тау етектерінде, теңіз деңгейінен 2500 – 3000 м биіктікте де кездеседі. Қорегі – 70-тен аса шөптесін өсімдіктер мен бұталар. Білғалы мол жас шөптермен қоректеніп, қар мен жаңбырдан жиналған қақтардан су ішіп, шөлін қандырса, қыста қар жалайды. Дәмді еті мен</p>	<p>Балалар назары тәрбиешіде. Слайд тамашалайды. Тақтадағы суреттерге қарап, мұқият тыңдайды. Арқармен танысады.</p> <p>Сергіту сәтін қимыл-қозғалыстармен орындайды.</p> <p>Слайд тамашалайды. Тақтадағы суреттерге қарап, мұқият тыңдайды. Қарақұйрықпен танысады.</p> <p>Ойын ойнайды.</p>

	<p>терісі үшін көп ауланған. Терісінен сырт киім, жазғы аяқ киім, мәсі тігіледі, саба және қауға жасаған. Қазір саны аз, Қазақстанда бар-жоғы 13 – 15 мыңдай. Оның 5 – 7 мыңы «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында, қалғаны Үстірт қорығы мен Ақтау – Бозашы қорықшасында қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Слайд арқылы қарақұйрықтарды көрсту.</p> <p>Ойын: «Лото»</p>	
Рефлексивті-түзету	<p>Оқу іс-әрекетін қорытындылау.</p> <p>-Маңғыстауда қандай жануарлар кездеседі?</p> <p>Белсенді балаларды атап, мадақтау.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Белсенділік танытқандар мадақталады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Арқар мен қарақұйрықты танып білуі керек.

Болуы керек: Туған өлкенің жануарларынан жәндіктерінен мәліметі болуы керек.

Қолынан келуі керек: Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** Үстірт арқары, қарақұйрық, киік. Қайталау**Мақсаты:** Балаларға маңғыстау өлкесінде кездесетін жануарлар туралы түсінік беру. Ерекшеліктерін айту. Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.**Сабақтың әдісі:** Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңберін құру. Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық. Күннің нұрын алайық. Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу салайық, Мейірімділік шоғын алайық, Жиналған жылы шуақты, Қонақтарға шашайық.	Балалар жарты шеңбер болып отырады.. Балалар бір-бірімен, тәрбиешімен амандасады.
Іздену - ұйымдастырушы	Қазақтар киік деп атайтын, ақбөкен деп жазатын түз тағысы – шөл, шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етуге бейімделген. Ауа – райына, жайылымының жағдайына байланысты қоныстарын кейде ауыстырып отырады. Әйтпесе, қай аймақта да киіктердің арнайы түрде лақтайтын, өрістейтін тұрақты жері, сол өңірге жыл сайын жылы жақтан келіп, кері қайтатын арнайы жолы болады. Олар көктемнің кеш туатынын, қыстың қарлы боранды, суық болатынын алдын-ала болжап біледі, соған сәйкес тіршілік етеді. Киіктер жұп тұяқтылардың ең өсімталы, жылына бір рет лақтап, өсіп – өнеді. Лақтарын – құралай деп атайды. Жыл сайын мамыр айының 19-21 жұлдызы аралығында «Құралайдың салқыны» деп аталатын ауа райының құбылмалы кезеңі өтіп тұрады. Бұл күндері жаңбыр, кейде қар аралас жаңбыр жауып, температура суытады, салқын жел соғады. Өйткені, мамыр айының алғашқы жартысында киіктер 2-3 күнде лақтап болып, балалары жерде жатады. Күн суытысымен ақ олар ызғарлы жерден тұрып, тәлтіректеп аяқ басып, енелерінің соңынан ерген күйі жүруді үйренеді. «Құралайдың салқыны» - табиғат – ананың киіктердің лағын ширатып, тіршілік етуге Киік (ақбөкен) текелерінің дене тұрқы 126-150 сантиметр, салмағы 37-49 келі, ешкілері кішірек, дене тұрқы 109-127 сантиметр, салмағы – 22-37 келідей. Үстіңгі еріні салбырап етті тұмсыққа айналған, текесінің мүйізі қайқылау келетін, ешкісінде мүйіз болмайтын киіктердің мүйізінен пантокрин дәрісі алынады. Тұяғын күйдіріп, одан алынған күлді денедегі теміреткіге жағады, сусамыр ауруына шалдыққанды емдеуге пайдаланады. Осы қасиеттері үшін қазақ киікті дәріштеп: «киелі жануар», «қасиетті аң» деп бағалайды, ыңғайлы, әдемі заттарды «киіктің асығындай екен» деп, сұлу жанды «киіктің құралайындай әсем екен» деп суреттейді. қадам бастырып, тәрбиелейтін қатал да ізгі мінезі. . Сергіту сәті. Орнымыздар тұрамыз, Мойнымызды бұрамыз. Қолымызды көтеріп, Саусақты ашып, жұмамыз	Балалар назары тәрбиешіде. Суреттер мен слайдты тамашалайды. Сергіту сәтін қимылмен орындайды. Дидактикалық ойын ойнайды. Аудиожазбадан дыбыстарды тыңдай отырып, ненің дыуысы екенін табады.

	Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?»	
Рефлексті - Коррекциялаушы	Қорытындылау: Сұрақтар қою. Белсенді қатысқан балаларды мадақтау.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Мадақталады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Маңғыстауда кездесетін жануарлар туралы білу керек.

Болуы керек. Жабайы жануарлар туралы түсінігі болуы керек.

Қолынан келуі керек Тыңдап және сұрақтарға толық жауап беру керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** Жыланбас, ұлықарашұбар**Мақсаты:** Балаларға маңғыстау өлкесінде кездесетін жануарлар туралы түсінік беру. Ерекшеліктерін айту. Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.**Сабақтың әдісі:** Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Шаттық шеңберін құру. Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық. Күннің нұрын алайық. Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу салайық, Мейірімділік шоғын алайық, Жиналған жылы шуақты, Қонақтарға шашайық.</p>	<p>Балалар жарты шеңбер болып отырады..</p> <p>Балалар бір-бірімен, тәрбиешімен амандасады.</p>
Іздеу - ұйымдастырушы	<p>Жыланбас– еріндігүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Еуразияда 45 түрі, Солтүстік Америкада 1 түрі кездеседі. Қазақстанда Алтай, Тарбағатай, Жетісу (Жоңғар), Күнгеі Алатаулары, Тянь-Шаньның батысында өсетін 22 түрі бар. Олардың арасындағы – Голоскоков Жыланбасы, Павлов, Қаратау Жыланбасы – республика жерінде сирек кездесетін эндемик түрлер. Соңғысы өте сирек кездесетін түр болғандықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Бұлардың биіктігі 5 – 60 см. Тамыры жуан, көп түрінің сабағы бұтақтанған. Ірі гүлдері қос жынысты, аталығы 4, аналығы – біреу. Түтікше тәрізді, бес тісті тостағанша жапырақшасында 15 жүйкесі анық көрінеді. Күлтесі – көгілдір, көк, күлгін, ақшыл сары түсті. Мамыр – шілде айларында гүлдейді. Жемісі – жаңғақша. Жыланбастың гүлі өте әдемі болғандықтан, негізінен, әсемдік өсімдіктер болып саналады. Арасында мал азықтық, бал алатын түрлері де кездеседі. Ал кейбір түрлерінің құрамында эфир майы бар.</p> <p>Сергіту сәті Күшік, мысық, балапан, Қуыршағым, балақан. Кәне бәрің тұрындар, Ойын-сауық құрындар. 1, 2, 3, секіреміз, жүгіреміз Отырамыз тып-тыныш Өсімдік суретін тамашалау Жолақ қарашұбар жылан - қабыршақтылар отрядының су жыландары тұқымдасына жатады. Жолақ қарашұбар жылан – өте сирек кездесетін түр. Құрғақ қиыршық тасты жерлерде және жусанды далада, жағасында қайың, тал және бұта өскен өзен аңғарларында тіршілік етеді. Алғаш рет 1955 жылы Зайсан қазаншұңқырынан, Күршім және Нарын жоталарынан, ал 1988 жылы Шығыс Қазақстан облысы Серебрянск қаласының оңтүстігінен және Алексеевка ауылының маңынан ұсталды. Сыртқы түрі оқ жыланға ұқсас, жіңішке келген, ұзындығы 86 см-дей болады. Басынан құйрығының ұшына дейін ақ немесе сары жолақ созылып жатады. Реңі қара сұр түсті. Әр түрлі кесірткелерді жеп қоректенеді. Жемін денесімен буындары не жаншып өлтіреді. Адамға қауіпті емес, ұсыз жылан.</p>	<p>Балалар назары тәрбиешіде.</p> <p>Суреттер мен слайдты тамашалайды.</p> <p>Сергіту сәтін қимылмен орындайды.</p> <p>Суреттерді тамашалайды</p> <p>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.</p> <p>Ойын ойнайды</p>

	<p>Ұрғашысы шілде айында 4 – 9 жұмыртқа салады. Жолақ қарашұбар жыланның тіршілігі аз зерттелген, сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген.</p> <p>Суретін тамашалау</p> <p>Ойын: «Лото»</p>	
Рефлексті - Коррекциялаушы	<p>Қорытындылау: Сұрақтар қою. Белсенді қатысқан балаларды мадақтау.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Мадақталады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Маңғыстауда кездесетін жыланбас туралы білу керек.

Болуы керек: Өсімдіктер туралы түсінігі болуы керек.

Қолынан келуі керек: Тыңдап және сұрақтарға толық жауап беру керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** Жылан, оқжылан, су жылан, құм жылан, сарыбас су жылан**Мақсаты:** Балаларға маңғыстау өлкесінде кездесетін жыландар туралы түсінік беру. Ерекшеліктерін айту. Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.**Сабақтың әдісі:** Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Шаттық шеңберін құру. Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық. Күннің нұрын алайық. Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу салайық, Мейірімділік шоғын алайық, Жиналған жылы шуақты, Қонақтарға шашайық.</p>	<p>Балалар жарты шеңбер болып отырады..</p> <p>Балалар бір-бірімен, тәрбиешімен амандасады.</p>
Іздеу - ұйымдастырушы	<p>Оқжылан – қабыршақтылар отрядына жататын бауырымен жорғалаушы. Қазақстанның оңтүстігінде, көбіне құм топырақты далалы аймақтарды мекендейді. Денесі жіңішке, ұзындығы 120 см-дей. Басы сүйір, мойын жігі онша байқалмайды. Арқасы сұр, құм түстес не қоңырқай тартқан, екі бүйірінде ұзына бойына созылған қара жолағы бар. Қабыршағы тегіс. Өте шапшаң, оқтай аттылып қозғалады, жыланның аты осы ерекшелігіне сай қойылған. Қорегін күндіз аулайды. Негізгі қорегі кесірткелер; жемтігін әуелі шағады, содан кейін денесімен қысып өлтіреді. Уы ұсақ жәндіктер үшін қауіпті болғанымен, омыртқалы ірі жануарлар мен адамдарға зияны жоқ. Маусым – шілде айларында 2–6 сопақша жұмыртқа салып, одан тамыз – қыркүйекте ұзындығы 24–26 мм-дей жас жыландар шығады.</p> <p>Эфа, атпа құмжылан – сұржыландар тұқымдасының бір түрі. Денесінің ұзындығы 50 – 60, кейде 80 см. Басы қырлы, ұсақ қабыршақтар жауып жатады. Екі бүйірі 4 – 5 қатарлы, ұсақ және жіңішке қабыршақты. Құйрықтасты қалқаны ұзынша бір қатарға орналасқан. Арқасының түсі құмды-сұр түсті, қиғаш орналасқан бүйір қабыршақтары қаралау болады. Басының төбесі айқыш, өрнекті. Айыр тілі сезім қызметін атқарады. Эфаның қозғалмалы қабағы болмайды. Қабақтары түссіз, шыны секілді мөлдір көздерін жауып тұрады. Сондықтан да қабақ қақпай қарайды. Наурыз – сәуір айларында шағылысып, шілде – тамызда ұзындығы 10 – 16 см, 3 – 15 бала жылан туады. Құмтышқан, тышқан, кесіртке, құстар, көлбақа, жасыл құрбақа, ұсақ жыландармен, т.б. қоректенеді. Эфаның уы адам мен малға қауіпті, уын медицинада пайдаланады. Эфа жылан уын алу үшін ауланады</p> <p>Сергіту сәті Дидактикалық ойын: «Ретімен орналастыр» Жылан суреттерін слайдтан тамашалау</p>	<p>Балалар назары тәрбиешіде.</p> <p>Суреттер мен слайдты тамашалайды.</p> <p>Сергіту сәтін қимылмен орындайды.</p> <p>Дидактикалық ойын ойнайды.</p>
Рефлексті - Коррекциялаушы	<p>Қорытындылау: Сұрақтар қою. Белсенді қатысқан балаларды мадақтау.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Мадакталады.</p>

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Маңғыстауда кездесетін жыландар туралы білу керек.**Болуы керек.** Қызығушылығы болуы керек**Қолынан келуі керек** Тыңдап және сұрақтарға толық жауап беру керек

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** Қайталау**Мақсаты:** Балаларға маңғыстау өлкесінде кездесетін жыландар туралы қаталау. Ерекшеліктерін айту. Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Қара достым, жан-жаққа, Дайынсың ба сабаққа? Орнында ма қараңдар, Біздің барлық балалар	Балалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Кәдімгі сарыбас жылан – су жыланның бір түрі. Негізінен Еуропаның суларында тараған. Еуропаның батыс, шығыс аймақтарындағы және Алакөл ойысы мен Балқаштың оңтүстік өңіріндегі өзен, көл жағалаулары мен батпақтарда тіршілік етеді. Денесі біршама ірі, ұзындығы 1 м-ден асады, басының екі жағында ашық түсті үлкен дақтар анық көрінеді. Жылдың сегіз айында белсенді. Бір маусымда 6 – 18 жұмыртқа салады. Негізінен қорегін аулауға кешқұрым немесе түнде шығады. Балықтармен, қосмекенділермен, ұсақ құстар және кеміргіштермен қоректенеді. Усыз жылан, сондықтан адамды шаққаны қауіпті емес, бірақ балықтардың жас шабағын жеп, зиян келтіреді. Суреттерін тамашалау. Сергіту сәті Оңға-оңға түзу тұр, Солға-солға түзу тұр. Алға бір адым, Артқа бір адым. Оңға бұрылып, Солға үңіліп. Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық Су жылан – өзі аттас туысқа жататын <u>жыланның</u> біртүрі. <u>Қазақстанның</u> оңтүстік аймағына таралған. <u>Теңіз, арал</u> , ағысы қатты тау өзендерінің жағалауларын, қамысты көлдерді мекендейді. Тауда 2800 м биіктікке дейін кездеседі. Суда жақсы жүзеді, су астында жарты сағаттан артық уақыт бола алады. Денесі біршама ірі, ұзындығы 140 см-дей, денесінің үстіңгі жағы сарғыш қоңыр, кейде көлденең салалы ұзын жіңішке жолақты, желке тұсы қара дақты болады. Негізінен <u>балықтармен</u> , <u>бақа</u> , <u>құрбақалармен</u> , ұсақ <u>кемірушілермен</u> , кейде <u>құстармен</u> де қоректенеді. Ұстаған жемін тірілей жұтады. Топтанып қыстайды. Көбеюі сәуір – мамыр айларында басталады. Маусым – шілдеде ұзындығы 3 – 4,5 см болатын 6 – 23 жұмыртқа салады. Жұмыртқадан шыққан жыланның ұзындығы 15 – 22 см болады. Су жыландар балық өсіретін питомниктерге, уылдырық өсіретін ш-тарға зиян келтіреді. Усыз жылан, сондықтан адамды шаққаны қауіпті емес. Ойын: «Ретімен орналастыр»	Балалар назары тәрбешіде. Суреттерін тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәтін орындайды Ойын ойнайды

Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.
---------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Жануарлар туралы білуі керек.

Болуы керек: Қызығушылығы болуы керек.

Қолынан келуі керек: Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** «Дала тышқандары, құм тышқандары»**Мақсаты:** Маңғыстауда кездесетін тышқандар туралы түсінік беру. Қызығушылығын ояту. Ерекшеліктерін айту. Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық, Тұрсақ, егер шеңберге Алақанды ұрайық. Сол жақтағы балаға, Оң жақтағы балаға. Шапалақта, шапалақ, Шапалақта шапалақ	Бадалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Тышқандар - ұсақ <u>кеміргіштер</u> тұқымдасы. Дене ұзындығы 12,5 см дейін, құйрығы, 10,5 см. Тышқандардың пайда болған жері негізінен – <u>Азия</u> , кейбір түрлері бүкіл дүниежүзіне таралған. <u>Африкада</u> (Сахараны есептемегенде), Евразияда, <u>Малай архипелагының</u> кейбір аралдарында, Филипинде 40 түрі таралған. Бір қатар түрлері - синантропты. <u>ТМД-да</u> , космополотитті синантропты 1 түрі, үй тышқаны, жабайы табиғатта үнемі өмір сүретін 2-3 түрі бар. Дәнді дақылдармен, астықпен, тамырлармен, жидектермен, шөппен және басқа да жәндіктермен қоректенеді, түнде белсенді Оңтүстік аудандарда және үйлерде жыл бойы көбейе береді. Сань шұғыл ауытқуы мүмкін. <u>Егеуқұйрықтар</u> мен тышқандарды бөлу шартты және тышқандардың көлеміне негізделген.. Басқа тұқымдастарға жататын кейбір тышқандарды (мысалы, <u>бұғы тышқан</u> , <u>Қалталы сегіргіш</u>) да ешқандай ғылыми негіздемесіз тышқандар деп атайды. Залал келтіруі мүмкін, бірақ көбі зиянсыз. Көптеген жыртқыш аңдардың олжасы болып табылады. Ақ зертхана тышқаны – үй тышқанының түрі. Сергіту сәті Алма кетті домалап, Өзен бойын жағалап. Кім алманы қуады, Сол ойыннан шығады. Ойын: «Кім не жақсы көреді?»	Балалар назары тәрбешіде. Суреттерін тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәтін орындайды Ойын ойнайды
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Тышқандар туралы білуі керек.**Болуы керек:** Қызығушылығы болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** ҮСТІРТ қорығы туралы түсінік, Қарақұйрық және т.б сирек кездесетін жануарлар**Мақсаты:** Қорықтар туралы түсінік беру. Қызығушылығын ояту. Ерекшеліктерін айту. Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.**Көрнекілігі:** суреттері

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Қара достым, жан-жаққа, Дайынсың ба сабаққа? Орнында ма қараңдар, Біздің барлық балалар	Бадалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Мемлекеттік табиғи қорық қоры - қоршаған ортаның табиғи эталондар, реликтілері, ғылыми зерттеулерге, ағарту білім беру ісіне, туризмге және рекреацияға арналған нысандары ретінде экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған аумақтарының жиынтығы. Қорықтардың басты мақсаты - табиғи ландшафтылар эталонын мұндағы тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен қоса сақтау, табиғат кешендерінің табиғи даму заңдылықтарын анықтау. Соңғысы адамның шаруашылық әрекетінен табиғатта болатын өзгерістерді болжау үшін аса қажет. Қазақстан қорықтар саны жөнінен ТМД-ға кіретін республикалар арасында 16-шы орын алады. Дегенмен, республика жерінің көлеміне шаққанда қорықтар үлесі жөнінен 13-ші орында. Бұл Қазақстан секілді ұлан-байтақ республика үшін қорықтар көлемінің әлі де болса аз екендігін көрсетеді. Қазіргі кезде нақты 10 қорық жұмыс істейді. Қазақстандағы қорықтардың барлық ауданы 1 610 973 га. Бұлар, әрине, Қазақстан табиғатының алуан түрлі табиғат жағдайларын толық көрсету үшін жеткіліксіз. Сондықтан болашақта ғалымдардың, табиғатты қорғау қоғамы өкілдерінің ұсынуымен тағы 15 қорық ұйымдастырылмақшы. Қорықтардың табиғи ұлттық парктерден айырмашылығы; табиғи парктерде кіріп серуендеуге мүмкіндік бар. Ал қорықтарда оған тыйым салынған. Сергіту сәті Алма кетті домалап, Өзен бойын жағалап. Кім алманы қуады, Сол ойыннан шығады. Ойын: «Жануарларды топтастыр»	Балалар назары тәрбешіде. Суреттерін тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәтін орындайды Ойын ойнайды
Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Қорықтар туралы білуі керек.

Болуы керек: Қызығушылығы болуы керек.

Қолынан келуі керек: Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** Қорықтар туралы түсінік, Қарақұйрық және т.б сирек кездесетін жануарлар. Қайталау**Мақсаты:** Маңғыстауда кездесетін қорықтар туралы түсінік беру. Қызығушылығын ояту. Ерекшеліктерін айту.

Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Қара достым, жан-жаққа, Дайынсың ба сабаққа? Орнында ма қараңдар, Біздің барлық балалар	Бадалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Үстірт қорығы — Қазақстанның оңтүстік-батысындағы табиғи кешенді қалпында сақтау мақсатымен 1984 жылы құрылған мемлекеттік шаруашылық. Маңғыстау облысындағы Қаракия ауданы жерінің аумағы 223,3 мың га. Үстірт қорығы - қазақстанның Батыс өңіріндегі жалғыз қорық. 1984 жылы ұйымдастырылған қорықтың негізгі мақсаты - шөл зонасының табиғат кешенін табиғи түрінде сақтап қалу. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығында ландшафтың алуан түрі кездеседі. Қорықта қорғау, ғылым, ақпарат және мониторинг экологиялық ағарту және туризм бөлімі, табиғат мұражайы және есеп бөлімі жұмыс жасайды. Үстірт қорығының ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің аға, кіші, ғылыми қызметкерлері бекітілген тақырыптар бойынша ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Қорық аумағында мекендейтін аң - құстарды, өсімдіктердің дамуын зерттеу, олардың өсіп өнуін үнемі қадағалай отырып, бір жүйеге келтіру тізімдеп, талдап, қорғау жұмыстарын ұйымдастыруға ғылыми негіз жасау қорықтың ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің негізгі атқаратын жұмыстары. Қорық республикалық маңызы бар табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ең жоғары санатына жатады. Ұйымдастырылу мақсаты қорық аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Орнымызды айналып, Билеп-билеп аламыз. Оңға қарай бір адым, Соға қарай бір адым. Алға қарай бір адым Артқа қарай бір адым. Жоғары – төмен қараймыз Орнымызды табамыз Ойын: «Жабайы жануарларды тап»	Балалар назары тәрбешіде. Суреттерін тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәтін орындайды Ойын ойнайды

Рефлексивті-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.
---------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Маңғыстауда кездесетін қорықтар туралы білуі керек.

Болуы керек: Қызығушылығы болуы керек.

Қолынан келуі керек: Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері» эксперименттік жұмыс**Тақырыбы:** Қарақұйрық**Мақсаты:** Маңғыстауда кездесетін қарақұйрықтар туралы түсінік беру. Қызығушылығын ояту. Ерекшеліктерін айту. Қоршаған ортаға деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Мынау – менің жүрегім Бәрі осыладан басталған. Мынау – басым ақылды, Бәрі осыдан басталған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым, Барлық істі бастаған</p>	Балалар шаттық шеңберіне тұрады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Қарақұйрық – сүтқоректілер класының қуысмүйізділер тұқымдасына жататын аң. Қазақстанда Үстірт пен Маңғыстауда, Арал өңірінде, Қызылқұм, Мойынқұм, Бетпақдаланың оңтүстігінде, Оңтүстік Балқаш өңірінде (Тауқұм, Сарыесікатырау) кездеседі. Соңғы жылдары Қара Ертіс өзенінің жағалауындағы құмдарда көрініп жүр. Тұлғасы сымбатты, дене тұрқы 101 – 126, шоқтығының биіктігі 67 – 79 см. Текесінің салмағы 22,0 – 41,0 ешкісінікі – 20 – 34 кг. Текелерінің мүйізі түп жағы бедерлі, ұшы бір-біріне қарай аздап иілген, қара-қоңыр түсті. Ұзындығы 33 – 43 см болады, ешкілері – тоқал. Құйрығы кішкентай, қара-қоңыр түсті. Тұяқтары кішкентай, қара түсті, сопақша әрі үшкір келеді. Тері жамылғысы құм тектес, сарғыш-сұр. Көз алды, шат, тұяқ аралық иіс бездері, көру және есту мүшелері жақсы жетілген, осылар арқылы бір-бірімен тез табысады. Тастақты, құмды, сазды топырақты шөлді аймақтарда мекендеуге бейімделген. Қоныстарын жыл маусымдарына қарай, қыста сексеуіл, жыңғыл өскен бұйрат-бұйрат құмдарға, жазда шөлді жерлерге қарай қоныс ауыстырып отырады. Тау етектерінде, теңіз деңгейінен 2500 – 3000 м биіктікте де кездеседі (мыс., «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында). Күйіс қайырып, демалу және ауа райының қолайсыз жағдайларынан қорғану үшін тұяқпен тарпып қазуға оңай жұмсақ топырақты жерлерден шағын (60x30 см) жатақтар жасайды. Қорегі – 70-тен аса шөптесін өсімдіктер мен бұталар. Ылғалы мол жас шөптермен қоректеніп, қар мен жаңбырдан жиналған қақтардан су ішіп, шөлін қандырса, қыста қар жалайды. Қазанның аяғынан желтоқсанның ортасына дейін күйлейді. 5 – 5,5 ай буаз болып, сәуірдің аяғынан маусымның аяғына дейін (жаппай төлдеу мамырдың екінші жартысында) лактайды. Көбіне 1 – 2 лак (егіз басым), кейде 3 – 4 лак (өте сирек) табады. Жаңа туған лактың салмағы 2 – 3 кг, дене тұрқы 48 – 58 см. 5 – 10 күнде шөп шалып, 3 айдан аса енесін емеді. Жас төлдер тез өседі: алғашқы 10 күнде 4,5 кг, бір айда – 9,0 кг, 6 айда – 15,0, бір жаста салм. 20 кг-нан асады. Шыбыштары 7 – 8 айда, серкештері 1,5 жаста жыныстық жағынан жетіледі. Қарқұйрықтың жаулары – қасқыр, түлкі, қарақал және бұралқы иттер, құстардан: бүркіт, қарақұс. Аусыл және туляремия ауруларымен ауырады. Дәмді еті мен терісі үшін көп ауланған. Терісінен</p>	<p>Балалар назары тәрбешіде. Суреттерін тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді.</p>

	<p>сырт киім, жазғы аяқ киім, мәсі тігіледі, саба және қауға жасаған. Қазір саны аз, Қазақстанда баржоғы 13 – 15 мыңдай. Оның 5 – 7 мыңы «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында, қалғаны Үстірт қорығы мен Ақтау – Бозащы қорықшасында қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996).</p> <p>Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Орнымызды айналып, Билеп-билеп аламыз. Оңға қарай бір адым, Соға қарай бір адым. Алға қарай бір адым Артқа қарай бір адым. Жоғары – төмен қараймыз Орнымызды табамыз Ойын: «Үй жануарларды тап»</p>	
<p>Рефлексивті-түзету</p>	<p>Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Сұрақтар қою.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді. Белсенділік танытқандар мадақталады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Қарақұйрық туралы білуі керек.

Болуы керек: Қызығушылығы болуы керек.

Үйренуі керек: Сұрақтарға толық жауап беріп үйренуі керек.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** «Ешкімер, сарыүйрек»**Мақсаты:** ешкімер кесірткенің бір түрі екенін айту, сарыүйек жыланының қауіпті екенін айту. Олардың тіршілік ортасымен таныстыру.**Әдіс-тәсілдер:** әңгіме, көрсету, түсіндіру, ойын, мадақтау.**Сөздік жұмыс:** ешкімер, сарыүйек.**Көрнекі құралдар:** жануарлардың суреттері.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Шаттық шеңбері: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік, Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік! Бейнеролик көрсету</p>	Шаттық шеңберіне тұрады.
Іздену - ұйымдастырушы	<p>Балалар бүгін біздер Маңғыстау өлкесін мекендейтін жорғалаушылармен танысамыз. Олар туралы әңгімелейміз. Жорғалаушы дегеніміз – олар бауырымен яғни кеудесін жерге тигізіп жүретін жануарлар. (Суретін көрсету арқылы түсіндіреді) Ешкімер дегеніміз - Маңғыстау өлкесінің құмды, шөлді даласында мекендейтін кесіртке. Оның денесі үлкен, құйрығын қайқайтып жүреді. Түсі қоңыр және өте жылдам, тез жүреді. Сарыүйек – жыланның бір түрі. Оның түсі – сары, денесі қысқалау болып келеді. Ол Маңғыстау өлкесінде ғана кездеседі. Оны адамдар емге пайдаланады. Сарыүйектің майы көп ауруға ем болады. Сергіту сәті: Жер Ауа Су От Ойын «Сезімді көрсет» Шарты: Суреттер бойынша балалар көңіл-күйді көрсетеді. Балалардың көңіл-күйін білу үшін тапсырмалар береді. - Балалар, сендердің ата-аналарың келгенде, сыйлық алып бергенде қалай қуанатындарыңды білгім келеді. Қане көрсетейік. - Ал, егер ренжісендер көңіл-күйлерінді қалай көрсетесіз? - Егер қолыңды немес аяғыңды ауыртып алсаңдар, не істейсіңдер? - Жоқ. - Қане, бәріміз шеңберге тұрып, бір-бірімізге жақсы тілек тілейік! - Сіздер бір-біріңізге қандай тілек айтар едіңдер? - Ендеше мен сендерге әдептілік ережесін айтайын. Оны естеріңде сақтаңдар. - Сәл нәрсеге ашуланба! - Үлкеннен бұрын сөйлеме. - Үлкенді сыйла</p>	<p>Назары тәрбиешіде.</p> <p>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суретке назар аударады.</p> <p>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суретке назар аударады.</p> <p>(Балалар отырады) (Қолдарын жоғары көтереді) (Қолдарымен толқынды бейнелейді) (Орындарында тұрып айналады).</p> <p>Көңіл-күйлерін бет әлпетімен көрсетеді.</p> <p>- Денің сау болсын, ауырма, - Денсаулығың мықты болсын...</p> <p>Әдептілік ережелерін мұқият тыңдайды.</p>
Рефлексі - Коррекциялаушы	Балаларды мадақтайды. Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы қорытындылайды	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Адамның көңіл-күйлерін білуі керек.

Болуы керек: Өзінің туған өлкесіндегі жануарларын білуге деген қызығушылық.

Қолынан келуі керек: Жануарларды сипаттай білуі керек..

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** «Тұсайыр түйе, адай тұқымды жылқы, қаракөл қойы, сиыр, ешкі және т.б»**Мақсаты:** Маңғыстау өлкесінің төрт түлігімен таныстыру. Олардың ерешеліктері білуге үйрету. Төрт түлікке қамқор болуға тәрбиелеу.**Көрнекі құралдар:** Төрт түліктің суреттері.**Әдіс- тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, мадақтау.**Сөздік жұмыс:** Тұсайыр, қаракөл.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларға төрт түлік туралы жұмбақтар жасыру.	Жұмбақтың жауаптарын шешеді.
Іздену - ұйымдастырушы	<p>Төрт түлік туралы әңгіме. Суретін көрсету арқылы түсіндіреді. Адай жылқысы – салт мінілетін қазақ жылқысының бір тұқымы. Мініске шыдамдылық, желігіштік және бірқатарының теңбіл көк түсті болып келеді. Суық пен ыстыққа төзімді. Адай жылқысының мойны қысқа омыраулы, арқасы түзу, сауыры солыңқы, жуан жіліншігі етсіз, мықты құйма тұяқты болып келеді. Адай жылқысы Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстарында өсіріледі. Қаракөл қойы – қозысының елтірісі өте бағалы болатын қой тұқымы. Қылшық жүнді қой тұқымдарының ішіндегі ең көп тарағаны. Денесі мығым, шағын, жүрдек, құйрықты (құйрық майы 2 – 3 кг) қой. Құйрығының ұшы S – тәрізді иілген, сирағы жіңішке, тұяғы берік, шөл және шөлейт аймақтарының қатаң ауа райына және жұтан жайылымына әбден бейімделген. Қаракөл қойының еті және майы өте сіңімді әрі дәмді. Қаракөл қойы негізінен Оңт. және Батыс Қазақстанда (Жамбыл, Қызылорда, Оңт.Қазақстан, Атырау,Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары) өсіріледі. Қаракөл елтірісі қара, көк, сұр, қоңыр, ақ, қызғылт түсті болып келеді. Жүні тұлымды, жылына екі рет (көктем, күз) қырқылады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Енесін тап» Шарты: балаларға төрт түліктің суреті беріледі. Балалар енесі мен төлін тауып, сызық арқылы қосады. Сергіту сәті:</p>	<p>Тәрбиешінің әңгімесін мұқият тыңдайды. Суретке назар аударады.</p> <p>Балалар енесі мен төлін тауып, сызық арқылы қосады.</p> <p>Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге орындайды.</p>
Рефлексті - Коррекциялаушы	Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:**Төрт түлік атауларын атай білуі керек.**Болуы керек:**Жұмбақты шешуін табуды игереді.**Қолынан келуі керек:**Енесі мен төлін таба білді.

Вариативті компонент

Бөлімдері: «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»

Тақырыбы: «Тұсайыр түйе, адай тұқымды жылқы, қаракөл қойы, сиыр, ешкі және т.б» Қайталау.

Мақсаты: Маңғыстау өлкесінің төрт түлігімен таныстыру. Олардың ершеліктері білуге үйрету. Төрт түлікке қамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Төрт түліктің суреттері.

Әдіс- тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, мадақтау.

Сөздік жұмыс:Тұсайыр, қаракөл.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балаларға төрт түлік туралы жұмбақтар жасыру.	Жұмбақтың жауаптарын шешеді.
Іздену - ұйымдастырушы	<p>Төрт түлік туралы әңгіме. Суретін көрсету арқылы түсіндіреді. Адай жылқысы – салт мінілетін қазақ жылқысының бір тұқымы. Мініске шыдамдылық, желігіштік және бірқатарының теңбіл көк түсті болып келеді. Суық пен ыстыққа төзімді. Адай жылқысының мойны қысқа омыраулы, арқасы түзу, сауыры солыңқы, жуан жіліншігі етсіз, мықты құйма тұяқты болып келеді. Адай жылқысы Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстарында өсіріледі.</p> <p>Қаракөл қойы – қозысының елтірісі өте бағалы болатын қой тұқымы. Қылшық жүнді қой тұқымдарының ішіндегі ең көп тарағаны. Денесі мығым, шағын, жүрдек, құйрықты (құйрық майы 2 – 3 кг) қой. Құйрығының ұшы S – тәрізді иілген, сирағы жіңішке, тұяғы берік, шөл және шөлейт аймақтарының қатаң ауа райына және жұтаң жайылымына әбден бейімделген. Қаракөл қойының еті және майы өте сіңімді әрі дәмді. Қаракөл қойы негізінен Оңт. және Батыс Қазақстанда (Жамбыл, Қызылорда, Оңт.Қазақстан, Атырау,Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары) өсіріледі. Қаракөл елтірісі қара, көк, сұр, қоңыр, ақ, қызғылт түсті болып келеді. Жүні тұлымды, жылына екі рет (көктем, күз) қырқылады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Енесін тап» Шарты: балаларға төрт түліктің суреті беріледі. Балалар енесі мен төлін тауып, сызық арқылы қосады. Сергіту сәті:</p>	<p>Тәрбиешінің әңгімесін мұқият тыңдайды. Суретке назар аударады.</p> <p>Балалар енесі мен төлін тауып, сызық арқылы қосады.</p> <p>Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге орындайды.</p>
Рефлексі - Коррекциялаушы	Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Төрт түлік атауларын атай білуі керек.

Болуы керек:Жұмбақты шешуін табуды игереді.

Қолынан келуі керек:Енесі мен төлін таба білді.

Вариативтік компонент**Білім беру салалары:** «Әлеуметтік орта»**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** Елшімер, Каспий Гекконы, шиебөрі, қосаяқ**Мақсаты:** Кесірткенің бір түрі-Каспий гекконымен таныстыру. Шиебөрі мен қосаяқ туралы мәлімет беру.**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелеу, сұрақ-жауап, көрсету, мадақтау.**Сөздік жұмыс:** Геккон, шиебөрі, қосаяқ.**Көрнекі құралдар:** слайдтар, суреттер.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді болып жүрейік!	Шаттық шеңберіне тұрады.
Іздену - ұйымдастырушы	Әңгімесі: Каспий Гекконы – ол кесірткенің бір түрі. Денесі кішкентай, шағын, түсі сұр. Өте тез қимылдайтын жорғалаушы. Көзі ұяшығынан шығыңқы келеді. Тастардың арасында, қуыстарда мекендейді. Шиебөрі, шүйебөрі немесе африкалық ит– ит тұқымдасына жататын жыртқыш сүт қоректі. Пішіні қасқырға ұқсас, бірақ одан екі есе кіші, түсі жирен сұрғылт. Орталық Африкадан бастап ОртаШығыс, Еуропаның оңтүстік-шығысында таралған. Кавказ, кейде Молдавияда, Орта Азияда, Сырдарияның орта тұсынан (Арыс өзені құятын сағадан) оңтүстікке қарай кездеседі. Шиебөрі өзен, көл бойындағы тоғайлы, қамысты жерді мекендейді, кейде шөлде, тау бауырында, ел мекеніне жақын жерде де кездеседі. Жемін (қоян көжегі, тышқан, кесіртке, жылан, бақа, жәндіктер, жануар өлексесі, әр түрлі жеміс, қарбыз, қауын, т.б.) аулауға ымыртта шығады, кейде күндіз де қорек іздейді. Қосаяқ-бұл тышқанның бір түрі. Құмға ін қазып сонда мекендейді. Қосаяқ аталуының себебі ол алдыңғы екі аяғын көтеріп, артқы екі аяғымен қос аяқтап секіріп жүреді. Сергіту сәті: Дидактикалық ойын: «Жануарларды ажырат» Шарты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастырады.	Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суретке назар аударады. Сергіту сәтін орындайды. Жабайы жануарларды бөлек, үй жануарларын бөлек топтастырады.
Рефлексті - Коррекциялаушы	Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы қорытындылайды.	Тәрбиеші сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Жабайы және үй жануарларын ажырата білуі керек.**Болуы керек:** Өзінің өлкесіндегі жануарларға деген қамқорлық сезімдері болуы керек.**Қолынан келуі керек:** Сергіту сәтін орындай білді.

Вариативтік компонент**Білім беру салалары:** «Таным»**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы. Ақтау-Бозашы және Қарақия -Қаракөл мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қамалдары**Мақсаты:** балаларға қорықтар туралы түсінік беру. Соның ішінде Маңғыстау өлкесіндегі қорықтар туралы әңгімелеу.**Әдіс - тәсілдер:** Ойын, өлең, әңгімелеу, жұмбақ, мадақтау.**Көрнекі құралдар:** Суреттер, бейнетаспа

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері:	Шаттық шеңберіне тұрады.
Іздену - ұйымдастырушы	<p>Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы</p> <p>Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы 1984 жылдың 12 шілдесінде ұйымдастырылған. Ұйымдастырылу мақсаты өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы Маңғыстау облысының Қарақия ауданында 223,342 гектар аумақты алып жатыр. Қазіргі уақытта қорық аумағында өсімдіктің 336 түрі, сүтқоректілердің 29 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 15 түрі, құстардың 166 түрі, қос мекенділердің 1 түрі кездеседі. Соның ішінде Қызыл Кітапқа енгендер: өсімдіктерден – бор рияңы, кәдімгі жұмсақ жеміс, хива сораңы, майда қатыран, берік сүттіген; құстардан – бүркіт, жұртшы, ителгі, үкі, жорға дуадақ, лашын, қарабауыр бұлдырық, дала қыраны, қарабай, жылан жегіш қыран, қарақұс, қоқиқаз, сұр тырна, сақалтай, қылаң қарабас шағала, қылқұйрық бұлдырық, жалбағай, кішкене аққұтан; бауырымен жорғалаушылардан – төрт жолақты қарашұбар жылан; сүтқоректілерден – арқар, қарақұйрық, қарақұлақ, сабаншы, итаю, шұбар күзен, шағыл мысығы, ақбауыр жарқанат</p> <p>Сергіту сәті: Қане, қанат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық, Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық, Торғай болып ұшайық. Сауысқан боп секіріп, Тоқылдақ боп шоқиық.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жануарларды топтастыр» Шарты: Балаларға жануарларды топтастыра білуді жаттықтыру.</p>	<p>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Слайдтағы суреттерге назар аударады.</p> <p>Сергіту сәтін қимыл-қозғалыс арқылы орындайды.</p> <p>Жануарларды, жәндіктерді, құстарды, балықтарды топтастырады.</p>
Рефлексті - Коррекциялаушы	Балаларды мадақтайды. Оқу іс-әрекетін сұрақ–жауап арқылы қорытындылайды	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** Жануарлардың аттарын атай білу керек.**Болуы керек:** Оларды топтастыруды игереді.**Қолынан келуі керек:** Олардың мекен ету ортасын білді.

Вариативтік компонент**Білім беру салалары:** «Таным»**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** Жабайы жануарлардың ұяларын, індерін, апандарын және басқа да мекендейтін орындары, жұмыртқалары туралы түсінік**Мақсаты:** Жануарлардың табиғаттағы ролі мен маңызы туралы түсінік беру. Негізгі топтарымен

(үй жануары, жабайы жануарлармен) таныстыру. Табиғат туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаны сүюге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Әдістері: Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру**Көрнекілігі:** Жануарлардың жеке топтама суреттері.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Сәлемдесу. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз. “Біз аңдарды жақсы көреміз” (жылулық шеңбері) Қоян қорқақ - сәбізді жақсы көреді, Түлкі қу - терісі оның әдемі Аю аңқау - балды жақсы көреді. Қасқыр батыр әрі залым келеді. Тиін жаңғақты шағып жейді. Бұлардың бәріде бізге тимейді.</p>	<p>Бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды. “Біз аңдарды жақсы көреміз” деп хормен және өз қалаулары бойынша жануарлардың ерекшеліктерін айтады</p>
Іздену - ұйымдастырушы	<p>Жануарлар туралы түсінік беру. (көрнекіліктер арқылы түсінік беру) Жануарлар тірі табиғаттың негізгі бөлігі. Жануарлар екіге бөлінеді: Үй жануарлары және жабайы жануарлар. Жануарлардың табиғаттағы тіршілігі ерекше әрі қызықты. Олардың адам үшін пайдасы да өте зор. Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, тауық адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Жабайы аңдар - табиғи жағдайда өз бетімен тамақ тауып, тіршілік ететін жануарлар. Жабайы жануарлардың түрлері өте көп. (көрнекілік арқылы түсіндіру) Дидактикалық ойын: «Балаларын ата?» Мақсаты: Үй және жабайы аңдарды бір - бірінен ажыратуға үйрету. Шарты: Допты лақтыру арқылы жануарлардың баласының атын атаймыз. - Қоян - - Қасқыр - - Аю - - Жылқы - - Сиыр, - Қой - Сергіту сәті: Ормандағы аю, қонжық, ұялардан бал іздеді. Мойындарын оңға бұрды, мойындарын солға бұрды, Орман ішін аралады, ағаштарды шайқап көрді. Оңға бір, солға бір, ағаштарды байқап көрді. Аяқтарын көтеріп ап, қуанғаннан билей берді. Оңға бір, солға бір, қуанғаннан билей берді</p>	<p>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суреттерге назар аударады. Жануарлар түрлерімен танысады. Жануарлардың үй жануарлары және жабайы жануарлар болып екіге бөлінетінін (оларға қандай жануарлар жатқызылатынын) меңгереді. Жануарлар табиғаттың бір бөлігі екенін білді.</p> <p>Допты бір - біріне лақтыру арқылы жануарлардың балаларын атайды. Қоянның баласы - көжек, Қасқырдың баласы - бөлтірік, Аюдың баласы - қонжық Жылқының баласы - құлын Сиырдың баласы - бұзау Қойдың баласы - қозы</p> <p>Сергіту жаттығуын орындайды. Аю, қонжық қимылын салып, ұялардан бал іздейді. Мойындарын оңға, солға бұрады. Орман ішін аралап, ағаштарды шайқайды. Аяқтарын көтеріп, қуанғаннан билейді.</p>
Рефлексті - Коррекцялаушы	<p>- Жарайсындар балалар! Бүгін сендер үй жануарлар мен жабайы жануарларды жақсы ажырата білетіндеріңді көрсете білдіңдер.</p>	<p>Жануарлардың түрлі - түсті суреттерін алады.</p>

	Балалардың еңбегін бағалау, мадақтау. (жануарлардың түрлі - түсті суреттері таратылды)	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Жануарлардың аттарын атай білу керек.

Болуы керек:Оларды топтастыруды игереді.

Қолынан келуі керек:Олардың мекен ету ортасын білді.

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** Каспий теңізіндегі балықтар**Мақсаты:** Каспий теңізіне сипаттама беру. Каспий балық кәсіпшілігінің халық шаруашылығындағы маңызын түсіндіру.**Дамытушылық:** Оқушылардың өз бетінше жаңа ақпараттық технологияны пайдаланып жұмыс істей білу дағдысын қалыптастыру.**Тәрбиелік:** Каспий теңізінің экологиясы. Көл суларын қорғау оның келешек үшін маңызы зор екенін оқушыларға түсіндіру, экологиялық**Әдістері:** Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	Сәлемдесу. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз. “Біз теңізді жақсы көреміз” (жылулық шеңбері)	Бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды.
Іздену - ұйымдастырушы	Каспий теңізінің жалпы ауданы 390 мың км. Оның беті мұхит дегейінен 27 м төмен жатыр. Теңіз солт-тен оңтүстікке қарай 1200 км-ге созыла орналасқан. Теңіздің ендірек жері -435 км, ал еңсіз жері-193 км. Теңіздің жағалау сызығының ұзындығы -7000 км. Оның су 5 мемлекеттің жағалауын шайып жатыр. Қазақстан үлесіне-29 % /2340 км/, Ресейге – 16 % ,Әзербайжанға-20 %, Түрікменстанға-21 %, Иран Ислам Республикасына- 14 % тиеді. Аралдары аз, олардың жалпы ауданы-2045 км. ең ірілері-итбалықты архипелагындағы Құлалы 73 км, Теңіз 65 км-ге жетеді. Шығыстан Каспий т Маңғыстау (Тұпқараған және Бозашы) түбегі. Шығыс жағал-ғы шығанақтар: Маңғыстау және Қазақ.. Балықтар мен итбалықтың үлкен кәсіптік маңызы бар. Ең бағалы балықтарға (бекіре, шоқыр, қортпа) тұқымдастары жатады. Дүниежүзінде жыл сайын ауланатын бекіре тұқымдас балықтың 80 %-ынан астамы каспий теңізі үлесіне тиеді.	Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суреттерге назар аударады. Допты бір - біріне лақтыру арқылы жануарлардың балаларын атайды. Қоянның баласы - көжек, Қасқырдың баласы - бөлтірік, Аюдың баласы - қонжық Жылқының баласы - құлын Сиырдың баласы - бұзау Қойдың баласы - қозы Сергіту жаттығуын орындайды. Аю, қонжық қимылын салып, ұялардан бал іздейді. Мойындарын оңға, солға бұрады. Орман ішін аралап, ағаштарды шайқайды. Аяқтарын көтеріп, қуанғаннан билейді.
Рефлексті - Коррекциялаушы	- Жарайсындар балалар! Балалардың еңбегін бағалау, мадақтау.	Балықтардың түрлі - түсті суреттерін алады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:** балықтардың аттарын атай білу керек.**Болуы керек:** Оларды топтастыруды игереді.**Қолынан келуі керек:** Олардың мекен ету ортасын

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** Каспий теңізіндегі балықтар**Мақсаты:** Каспий теңізіне сипаттама беру.Каспий балық кәсіпшілігінің халық шаруашылығындағы маңызын түсіндіру.**Дамытушылық:** Оқушылардың өз бетінше жаңа ақпараттық технологияны пайдаланып жұмыс істей білу дағдысын қалыптастыру.**Тәрбиелік:** Каспий теңізінің экологиясы.Көл суларын қорғау оның келешек үшін маңызы зор екенін оқушыларға түсіндіру,экологиялық**Әдістері:**Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	Сәлемдесу. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз. “Біз теңізді жақсы көреміз” (жылулық шеңбері)	Бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды.
Іздену - ұйымдастырушы	Каспий теңізінің жалпы ауданы 390 мың км.Оның беті мұхит дегейінен 27 м төмен жатыр.Теңіз солт-тен оңтүстікке қарай 1200 км-ге созыла орналасқан.Теңіздің ендірек жері -435 км,ал еңсіз жері-193 км.Теңізінің жағалау сызығының ұзындығы -7000 км.Оның су 5 мемлекеттің жағалауын шайып жатыр.қазақстан үлесіне-29 % /2340 км/, Ресейге – 16 % ,Әзербайжанға-20 %,Түрікменстанға-21 %, Иран Ислам Республикасына- 14 % тиеді. Аралдары аз,олардың жалпы аудан-2045 км.ең ірілері-итбалықты архипелағындағы Құлалы 73 км,Теңіз 65 км-ге жетеді.Шығыстан Каспий т Маңғыстау (Тұпқараған және Бозащы) түбегі.Шығыс жағал-ғы шығанақтар:Маңғыстау және Қазақ. Балықтар мен итбалықтың үлкен кәсіптік маңызы бар.Ең бағалы балықтарға(бекіре, шоқыр,қортпа) тұқымдастары жатады.Дүниежүзінде жыл сайын ауланатын бекіре тұқымдас балықтың 80 %-ынан астамы каспий теңізі үлесіне тиеді.	Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суреттерге назар аударады. Допты бір - біріне лақтыру арқылы жануарлардың балаларын атайды. Қоянның баласы - көжек, Қасқырдың баласы - бөлтірік, Аюдың баласы - қонжық Жылқының баласы - құлын Сиырдың баласы - бұзау Қойдың баласы - қозы Сергіту жаттығуын орындайды. Аю, қонжық қимылын салып, ұялардан бал іздейді. Мойындарын оңға, солға бұрады. Орман ішін аралап, ағаштарды шайқайды. Аяқтарын көтеріп, қуанғаннан билейді.
Рефлексі - Коррекциялаушы	- Жарайсындар балалар! Балалардың еңбегін бағалау, мадақтау.	Балықтардың түрлі - түсті суреттерін алады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:**балықтардың аттарын атай білу керек.**Болуы керек:**Оларды топтастыруды игереді.**Қолынан келуі керек:**Олардың мекен ету ортасын

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** Каспий құстары**Мақсаты:** Киелі құс – аққу, оның түрлері, көбеюі, тыныс - тіршілігі туралы мағлұмат беру.**Әдістері:**Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Сәлемдесу. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз. “Біз теңізді жақсы көреміз” (жылулық шеңбері)</p>	Бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды.
Іздену - ұйымдастырушы	<p>аққулар қазтәрізділер отряды, үйрек тұқымдасының жеке туысына жататын өте сымбатты құстар.</p> <p>Қазақстанда аққудың үш түрі: сұңқылдақ аққу, сыбырлақ аққу, кіші аққу кездеседі.</p> <p>Мойны мен денесінің ұзындығы тең әрі иіліп келген. Денесі созылыңқы, басы онша үлкен емес, тұмсығы тік әрі жалпақтау келеді. Қысқа сирағы денесінің арт жағында орналасқан. Қауырсыны тығыз әрі үлпілдек мамықты шымқай ақ түсті .Салмағы 5 – 10 кг, ең ірісі 13 кг-ға жетеді. Қанатының ұзындығы 150 – 180 см. Тіршілігінің көп уақытын суда өткізеді, жақсы жүзеді, бірақ сүңги алмайды, құрлыққа сирек шығады. Аққу – жұп құрып тіршілік етеді. Ұясына (су жағалауындағы өсімдіктердің арасындағы) 3 – 7-ге дейін жұмыртқа салады, оны көбіне аналығы басады. 29 – 40 күнде ширақ балапандар шығады, оларға жұптасып қамқорлық жасайды. Жылына бір рет түлейді. Ересектері су өсімдіктерімен, кейде судағы омыртқасыз жәндіктермен, ал балапандары су жәндіктерімен қоректенеді. Аққу – жыл құсы. Қыс жылы кезде аққудың біраз тобы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында – Ақтау қаласының маңында қыстап шығады.^[1]</p>	<p>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суреттерге назар аударады.</p> <p>Допты бір - біріне лақтыру арқылы жануарлардың балаларын атайды. Қоянның баласы - көжек, Қасқырдың баласы - бөлтірік, Аюдың баласы - қонжық Жылқының баласы - құлын Сиырдың баласы - бұзау Қойдың баласы - қозы</p> <p>Сергіту жаттығуын орындайды. Аю, қонжық қимылын салып, ұялардан бал іздейді. Мойындарын оңға, солға бұрады. Орман ішін аралап, ағаштарды шайқайды. Аяқтарын көтеріп, қуанғаннан билейді.</p>
Рефлексті - Коррекциялаушы	- Жарайсыңдар балалар! Балалардың еңбегін бағалау, мадақтау.	Балықтардың түрлі - түсті суреттерін алады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:**құстардың аттарын атай білу керек.**Болауы керек:**Оларды топтастыруды игереді.**Қолынан келуі керек:**Олардың мекен ету ортасын

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** ҚАРЛЫҒАШ**Мақсаты:** Өзбетімен жұмыс жасау, сурет бойынша әңгіме құрау, шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу**Әдістері:**Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық. Кел жаныма тұр сыныптас, Өз алақаныңды маған аш. Міне менің қолым бос Жылуыма жылу қос Барлық істе саған сәттілік тілеймін Рахмет () Үй тапсырмасын пысықтау -Торғайдың не үшін ән салуға зауқы болмады? - Автордың айтайын деген негізгі ойы. -Өлеңде кездескен теңеу сөздерді айт -Торғай не үшін ұшалмады? -Сюжет дегеніміз не? Қызығушылығын ояту (Болжау стратегиясы) Қарлығаш туралы қызықты деректер.(Бейнежазба көру)	Бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды.
Іздену - ұйымдастырушы	Құйқылжытып дала күйін, үй ішіне салады үйін (қарлығаш) Осы суреттер арқылы бүгінгі сабағымыз не туралы болатынын болжай аламыз ба балалар? - Қарлығаш,дәуіт,жылан Олай болса осы суреттер арқылы сіздерді топқа бөле қояйын. 1-топ Қарлығаш Қарлығаш туралы не білеміз? 2-топ Дәуіт Дәуіт туралы не білеміз? 3-топ Жылан Жылан туралы не білеміз? Жаңа тақырып «Ой қозғау» (Сын тұрғысынан ойлау) Қарлығаш- торғай тәрізділер отряды, әнші торғайлар тобының тұқымдасы. Қазақстанда 5 түрі (жар қарлығашы, күз Қарлығашы, қосреңді Қарлығаш, секпілтөс Қарлығаш, кент Қарлығашы) кездеседі. Қарлығаш өте жақсы ұшады, тіршілігінің көп уақытын ауада ұшып жүріп өткізеді. Су үстінен ұшып бара жатып-ақ су іше береді. Ұшып жүріп қорегін ұстап жейді. Дауысы онша қатты емес. Қарлығаш ұясын саз балшықтан сілекейімен араластырып бекем етіп жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне, кейде ағаш басына да салады. Ұясы жарты ай немесе түбі кең, аузы тар құмыра пішінді. Ұясының түбіне қауырсыннан, т.б.ұя жасайды. Қорегі көбіне ұсақ жәндіктер. Ашық күндері биіктеп ұшады да, ауа райы жауын-шашынды болар алдында жер бауырлап ұшады. Сондықтан да қарлығаштың ұшу ерекшелігіне қарап ауа райының өзгерісін алдын-ала болжауға болады.	Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суреттерге назар аударады. . Өлеңнің мазмұнын баяндап айтады Жұптық жұмыс Әр жұп тапсырмаларын тиянақты орындап шығады Сергіту жаттығуын орындайды. Аю, қонжық қимылын салып, ұялардан бал іздейді. Мойындарын оңға, солға бұрады. Орман ішін аралап, ағаштарды шайқайды. Аяқтарын көтеріп, қуанғаннан билейді.
Рефлекссті - Коррекцялаушы	- Жарайсыңдар балалар! Балалардың еңбегін бағалау, мадақтау.	Қарлығаштың суреттерін салады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:**құстардың аттарын атай білу керек.**Болуы керек:**Оларды топтастыруды игереді.**Қолынан келуі керек:**Олардың мекен ету ортасын

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** жусан**Мақсаты:** Өзбетімен жұмыс жасау, сурет бойынша әңгіме құрау, шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу**Әдістері:** Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық. «Ақ жусан» Жусан.Жусан. Ақ жусан. Иісің қандай? Сылқым емес, Сыршылдау сиқың бардай. Жұпарыңды жұта алмай Жүрмін қазір, Содан болар тұрамын ұйқым қанбай. Сағынумен келіп ем Салып ұрып, Қалыпсың ғой қатыгез қар астында Асап едім сол қарды, Ғашық иіс Кернеп кет	Бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды.
Іздену - ұйымдастырушы	жусанның түрлері бейнеленген суреттер арқылы топтарға бөлу. Слайдтар question6 I топ- Қара жусан II топ – Тықыр жусан III топ- Дермене жусан Қазақстанда жусанның 81 түрі өседі. Ол Қазақстанның көптеген шөлді аймақтарында кездеседі. Жусанның биіктігі 10 -60 см, кейде 1,5 – 2 метрдей болады. Жусан –құнарлы мал азығы, дәрілік, бояуыштық,витаминді, эфир майлы өсімдік. Қазақ халқы үшін жусанның орны ерекше болған. Бұл сөзді естігенде әрбір адамның жаны жадырап, көңілі көкке көтеріліп, даламыздың дарқандығы мен қадір-қасиеті санаға келеді. Ғажайып болмыс көз алдында көрініс табады.	Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суреттерге назар аударады. . Өлеңнің мазмұнын баяндап айтады Жұптық жұмыс Әр жұп тапсырмаларын тиянақты орындап шығады
Рефлексі - Коррекцялаушы	- Жарайсындар балалар! Балалардың еңбегін бағалау, мадақтау.	Жусанның суреттерін алады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:**жусанның аттарын атай білу керек.**Болуы керек:**Оларды топтастыруды игереді.**Қолынан келуі керек:**Олардың мекен ету ортасын айту

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** ЖАНТАҚ**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктер әлемі жайында түсінік беру**Әдістері:** Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жылулық шеңбері: Қуыр, қуыр қуырмаш, Балапанға бидай шаш, Бас бармақ, Сен тұр - қозыңа бар! Балалы үйрек, Сен тұр - лағыңа бар! Орған терек, Сен тұр - құлыңыңа бар! Шылдыр шүмек, Сен тұр - бұзауыңа бар! Кішкене бөбек, Сен тұр - ботаңа бар! Балалар бір - біріне қарама - қарсы тұрып саусақ ойынын ойнайды.	Бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды.
Іздену - ұйымдастырушы	Жантақ – бұршақ тұқымдасының туысы. Оны бұталы немесе көп жылдық шөптесін өсімдіктер қатарына жатқызуға болады. Сабағының төменгі жағындағы тікендері қысқа әрі мықты, жоғарғы тікендері жіңішке шөп тәрізді, ұштары жоғары қараған. Оның жапырақтары сопақша, шеттері бүтін, сабақтары мен тікендердің түп жағына орналасқан. Гүлдері қызыл түсті, гүл сабақтары ұзын, гүл тостағаншасы қоңырау сияқты әрі тістері бар болып келеді. Жантақтың жапырақ топтамаларының кішкентай және түкті болуы ыстыққа төзімділігін арттырады. Жантақтың тамыр жүйесі кіндік тамыр болғандықтан оның тамырлары өте тереңдеп кетеді. Жантақ тамырының ұзындығы 25-30см-ге дейін жетеді. Жантақ тамыры арқылы көбейіп отыратын көп жылдық өсімдікке жатады. Жантақтың кейбір жапырақтары түрін өзгертіп, тікенге айналады. Жантақ өсімдігі тамыз айында гүлдейді. Қыркүйек, қазан айларында масақ түсіп, дән байлайды. Оның дәні құрғақ, қоңырқай түсті, бұршақ тәріздес, дәмі қышқылтым болады.	Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суреттерге назар аударады. . Өлеңнің мазмұнын баяндап айтады Жұптық жұмыс Әр жұп тапсырмаларын тиянақты орындап шығады
Рефлексі - Коррекциялаушы	«Туған жердің тасы да ыстық» демекші өлкемізде өсетін жантақ өсімдігінің пайдасын игілігімізге орынды пайдалану - өскелең ұрпақ борышы.	Жантақтың суреттерін салады.

**Күтілетін нәтиже:****Білуі керек:** жусанның аттарын атай білу керек.**Болуы керек:** Оларды топтастыруды игереді.**Қолынан келуі керек:** Олардың мекен ету ортасын айту

Вариативтік компонент**Бөлімдері:** «Маңғыстау өлкесінің жануарлары мен өсімдіктері»**Тақырыбы:** АДРАСПАН**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктер әлемі жайында түсінік беру**Әдістері:**Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жылулық шеңбері: Қуыр, қуыр қуырмаш, Балапанға бидай шаш, Бас бармақ, Сен тұр - қозыңа бар! Балалы үйрек, Сен тұр - лағыңа бар! Орған терек, Сен тұр - құлыныңа бар! Шылдыр шүмек, Сен тұр - бұзауыңа бар! Кішкене бөбек, Сен тұр - ботаңа бар! Балалар бір - біріне қарама - қарсы тұрып саусақ ойынын ойнайды.	Бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды.
Іздену - ұйымдастырушы	Адыраспанның емдік қасиеті. Дәрілік шикізат ретінде шілде айында бұтақшаларын, жапырағы мен гүлін жинап алады. Ол – улы өсімдік. Халық емшілері адыраспанды адамның құяңын, сегізкөздің жүйке ауруын емдеуге пайдаланған. Мал-дәрігерлік тәжірибеде оның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері ауруларын емдейді. Оның құрамында алкалоидтар бар. Халық медицинасында А-ды буын ауруын емдеуге пайдаланады, қайнатылған суын безгекпен ауырған адамға ішкізеді. Сондай-ақ малдың қотырын да жазады. Адыраспаннан жүн мен жіптерді бояу үшін күрең қызыл бояу алынады. Тұқымы мен көк шөбінен алынған тұнбаны адыраспан шаруашылық зиянкестеріне қарсы күреске пайдаланады. Адыраспан – улы өсімдік (құрамында бірнеше алкалоидтар бар), дәмі ащы, мал жемейді. Жаз, күз мезгілінде тұтас денесін, күз мезгілінде жемісін жинап, кептіріп сақтайды.	Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суреттерге назар аударады. Өлеңнің мазмұнын баяндап айтады Жұптық жұмыс Әр жұп тапсырмаларын тиянақты орындап шығады 
Рефлексі - Коррекциялаушы	«Туған жердің тасы да ыстық» демекші өлкемізде өсетін жантақ өсімдігінің пайдасын игілігімізге орынды пайдалану - өскелең ұрпақ борышы.	АДРАСПАННЫҢ суреттерін салады.

Күтілетін нәтиже:**Білуі керек:**өсімдіктің аттарын атай білу керек.**Болуы керек:**Оларды топтастыруды игереді.**Қолынан келуі керек:**Олардың мекен ету ортасын айту